

**6D020500 мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми кеңесшісінің**

## **ПІКІРІ**

Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» атты диссертациялық жұмысы — Бұқар жырау шығармашылығындағы дәуір шындығын терең пайымдап, оны көркемдік тәсілдермен бейнелеу барысында рухани-адамгершілік проблемаларды кеңінен қамтыған ғылыми еңбек.

Бұқар жырауға қатысты ғылыми зерттеулер XIX ғасырдан бастау алғанымен, осы уақытқа дейін оның шығармашылығына арнайы арналған толыққанды диссертациялық еңбек жазылмағаны белгілі. Осы түрғыдан алғанда, М.А. Кайимовтың жұмысы — жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды алғаш рет жүйелі түрде ғылыми зерделеген бірегей еңбек. Бұл жайт зерттеудің әдебиеттану ғылымындағы өзектілігі мен маңыздылығын айқындай түседі. Диссертациялық жұмыстың көкейкестілігі — жаһандану мен мәдени ықпалдастық үдерістері қүшейіп отырған қазіргі әлемдік жағдайда Бұқар жыраудың ұлттық болмысын, шығармашылығы арқылы көрінетін дүниетанымын және оның көпмәдениетті кеңістіктегі орнын анықтауға бағытталғанында.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы — Бұқар жыраудың философиялық пайымы мен көркемдік әлемін рухани-адамгершілік қырынан кешенді талдап, шығармаларындағы шындықты бейнелеудің жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін анықтауда. Сонымен қатар, жырау толғауларындағы діни ұғымдар мен түсініктерге талдау жасап, олардың көркемдік құрылымына ықпалын тілдік түрғыдан ашып көрсету де зерттеудің жаңашылдығын арттыра түседі. Ізденуші Бұқар жыраудың эстетикалық көзқарастары мен адамгершілік идеалдарын, авторлық тұлғасын, рухани-адамгершілік концепцияларын айқындалап, оның әлем бейнесіне деген өзіндік көзқарасының негіздерін ашып көрсетеді. Бұл тұжырымдар жыраудың дүниетанымын зерделеу арқылы дәлелденеді. Диссертациялық жұмыста зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты анықталған. М.А. Кайимов ғылыми нәтижелердің теориялық және тәжірибелік маңызын дәйекті түрде көрсетеді. Зерттеу пәні мен нысанын, әдістерін дәл белгілеп, қорғауға ұсынылатын тұжырымдарды ұсынады. Жұмыс құрылымы мақсат-міндеттерге толық сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, екі тараудан және қорытынды бөлімнен тұрады. Зерттеу барысында автор салыстырмалы-типологиялық, тарихи және формальді құрылымдық, контекстуалдық талдау тәсілдерін тиімді қолданып, мәтіндермен терең жұмыс істейді. Зерттеудің

теориялық және практикалық құндылығы — қазақ әдебиеті, мәдениеті мен тарихы туралы танымды терендептіп, қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелерді жаңа қырынан талдауға мүмкіндік беруінде. Сонымен бірге, алынған нәтижелерді әдебиеттану курстарында қолдануға толық негіз бар.

Қорыта келгенде, Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің бұл ғылыми еңбегі — теориялық және практикалық түрғыдан толыққанды, ғылыми талаптарға сай, әдебиеттану ұғымдары мен әдістерін жан-жақты менгерген, мазмұны мен құрылымы үйлесімді зерттеу. Сондықтан авторды «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық деп есептейміз.

## Ғылыми кеңесші

## **ФИЛОЛОГИЯ ФЫЛЫМДА КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ:**



Н. Омаров